

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қарашадағы № 748 қаулысы

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелерін жан-жақты зерделеу және шешу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Мемлекеттік комиссия туралы ереже;

2) Мемлекеттік комиссияның құрамы бекітілсін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2020 жылғы

№ Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ЕРЕЖЕ 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Мемлекеттік комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Мемлекеттік комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарларынан, Мемлекеттік комиссияның хатшысынан және мүшелерінен тұрады.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Мемлекеттік комиссияның төрағасы болып табылады.

5. Мемлекеттік комиссияның құрамы мемлекеттік органдар басшыларының, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің, ғалымдардың қатарынан жасақталады.

6. Төрағаның шешімі бойынша Мемлекеттік комиссияға тиісті салалардың сарапшылары, өзге де адамдар дербес енгізілуі мүмкін.

2-тарау. Мемлекеттік комиссияның міндеті, функциялары мен өкілеттіктері

7. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан толық ақтау болып табылады.

8. Мемлекеттік комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) саяси қуғын-сүргін және заңсыз қудалаудың құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмысын аяқтау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау;

2) саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан толық ақтау үшін заң жобалары мен заңға тәуелді актілерді әзірлеу бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және Үкіметке енгізу;

3) жазықсыз сотталған және саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, өмірі мен бас бостандығынан айырылған, психиатриялық мекемелерде мәжбүрлеп емдетілген, елден қуылған және саяси наным, таптық, әлеуметтік, ұлттық, діни немесе өзге де тиесілігі бойынша құқықтары мен бостандықтары өзгедей шектеуге ұшыраған адамдарды ақтау процестерін ғылыми зерделеу және жүргізу әдіснамасын айқындау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу;

4) Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының іс жүзінде ақталмаған санаттарының толық тізбесін, оның ішінде: қолданыстағы заңнамада қамтылмаған құрбандар санаттарын; заңнамада аталған, бірақ іс жүзінде ақталмаған құрбандар санаттарын айқындау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу.

Қуғын-сүргін құрбандарының құқықтық жағынан ғана емес, саяси тұрғыдан да ақталуға жататын санаттарының толық тізбесін, оның ішінде: Қазақстанның азаттығы, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін күрескендерді; өздерінің идеологиялық, ғылыми, шығармашылық, рухани-мәдени құндылықтары мен наным үшін қуғын-сүргінге ұшырағандарды айқындау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, прокуратура органдарының және басқа да мемлекеттік мекемелердің архивтеріндегі жабық қорлардың саяси қуғын-сүргін жөніндегі материалдарының комиссия мүшелеріне, зерттеушілерге және ұрпақтарға қолжетімді болуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу;

6) мемлекеттік органдардың саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу;

7) Қазақстан Республикасында саяси қуғын-сүргіннің ақталған құрбандарының құқықтарын қалпына келтіруде әдістемелік және құқықтық көмек көрсету бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу;

8) Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, оның ішінде Қазақстанның азаттығы, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін күресте ерлік көрсеткендерді мәңгі есте қалдыру бойынша мемлекеттік бағдарламаның әзірленуімен қабылдануын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу;

9) ақталғандардың құқықтарын қалпына келтіру мәселелері жөніндегі өтініштер мен шағымдарды қарау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу.

9. Мемлекеттік комиссия өзіне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында:

1) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді, саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан ақтауға, оларды мәңгі есте қалдыруға байланысты, сондай-ақ Қазақстанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескендердің ерлігі мен батырлығы мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) қуғын-сүргін құрбандарының түрлі санаттарын ақтау әдіснамасын тұжырымдау үшін кіші комиссияларды және өз қызметінің бағыттары бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ жиналған материалдарды жинақтау үшін жұмыс топтарын құрады (жұмыс топтары алдына қойылған міндеттер бойынша талдамалық қорытындылар дайындайды және оларды Мемлекеттік комиссияның отырыстарына шығарады);

3) Мемлекеттік комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге де ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстарын қарайды;

4) Мемлекеттік комиссия қызметінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың басшыларын және өзге де лауазымды адамдарды тындайды;

5) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан мемлекеттік комиссияның міндеттерін іске асыруға қажетті құжаттар мен материалдарды сұратады және алады;

6) мемлекеттік органдардың және ұйымдардың жабық қорларындағы материалдарды құпиясыздандыру жөнінде қор түзеушілерге ұсыныстар енгізеді. Мемлекеттік органдардың және ұйымдардың жабық қорларындағы материалдарды құпиясыздандыру "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңында (бұдан әрі—Заң) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;

7) мемлекеттік органдардың және ұйымдардың жабық қорларындағы саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы материалдарға рұқсат алады. Мемлекеттік органдардың және ұйымдардың жабық қорларындағы материалдарға рұқсат алу Заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі;

8) Мемлекеттік комиссияның міндеттерінен туындайтын өзге де шараларды жүзеге асырады.

3-тарау. Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастыру

10. Мемлекеттік комиссияның жұмысы оның отырыстарын, кіші комиссиялардың, жұмыс топтарының отырыстарын және өзге де іс-шараларды өткізу арқылы жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік комиссияның отырыстары жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі.

12. Мемлекеттік комиссияның отырысына қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен шешімдері қабылданады. Мемлекеттік комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

13. Мемлекеттік комиссияның отырыстарында Мемлекеттік комиссияның функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру мақсатында жұмыс топтарының жүргізген жұмысы туралы есептері қаралады.

14. Мемлекеттік комиссияның отырыстарына Мемлекеттік комиссияның мүшелері болып табылмайтын лауазымды адамдар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылуы мүмкін.

15. Мемлекеттік комиссияның төрағасы:

1) Мемлекеттік комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның отырыстарында төрағалық етеді;

2) Мемлекеттік комиссияның міндеттерін орындауға бағытталған шараларды тұжырымдаумен іске асыру бойынша мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне жылына бір рет Мемлекеттік комиссияның атқарылған жұмысы туралы хабардар етеді;

4) Мемлекеттік комиссия отырысының күн тәртібін айқындайды және хаттамасына қол қояды;

5) қажет болған кезде Мемлекеттік комиссияның міндеттерін іске асыру үшін жұмыс тобын құру туралы шешім қабылдайды;

6) кіші комиссиялардың және жұмыс топтарының басшыларын тағайындайды;

7) Мемлекеттік комиссияның жұмысына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мамандарды, ғалымдар мен сарапшыларды тартады;

8) Мемлекеттік комиссияның міндеттерінен туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік комиссияның төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін төраға белгілеген орынбасары атқарады.

17. Мемлекеттік комиссияның хатшысы:

1) Мемлекеттік комиссияның отырыстарына материалдар, сондай-ақ хаттамалық шешімдердің жобаларын дайындауды ұйымдастырады;

2) Мемлекеттік комиссияның мүшелеріне кезекті отырыстың өтетін орны, уақыты мен күн тәртібі туралы хабар береді, оларды қажетті материалдармен уақтылы қамтамасыз етеді;

3) Мемлекеттік комиссияның төрағасына ол қабылдаған шешімдерді орындау бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп ұсынады;

4) Мемлекеттік комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Мемлекеттік комиссияның жұмыс органы болып табылады.

19. Мемлекеттік комиссияның жұмыс органы:

1) Мемлекеттік комиссияның қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

2) Мемлекеттік комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және ұйымдармен қызметтік хат жазысуды жүргізеді;

3) кіші комиссиялар мен жұмыс топтарының алдына қойылған міндеттерді орындауда олардың қызметін ұйымдастырушылық, ақпараттық және талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

4) Мемлекеттік комиссияның қызметін қамтамасыз етуге қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік комиссияның өзіне жүктелген міндеттерді орындауда орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар оған өз құзыреті шегінде көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2020 жылғы
№ Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Мемлекеттік комиссияның төрағасы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары

"Nur Otan" партиясы төрағасының бірінші орынбасары, Мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары,
Мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, Мемлекеттік
комиссия хатшысы

Мемлекеттік комиссияның мүшелері:

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, заң ғылымдарының
докторы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі Азаматтардың өтініштерін қарауды бақылау бөлімінің
меңгерушісі

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі сот
алқасының төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары (
келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі вице-министрі

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Хатшылық меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің
меңгерушісі

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты

Қарағанды облысы Ұлытау ауданының әкімі

Ашуев Жұмабек – Қазақстанның жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары
қауымдастығының президенті (келісім бойынша)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – Мемлекет тарихы институты директорының
орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Әбжанов Ханкелді Махмұдұлы – "Әділет" Қазақстан тарихи-ағарту қоғамының төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің "Рухани жаңғыру" орталығының жетекшісі, ҚР ҰҒА академигі (келісім бойынша)

Әнес Ғарифолла Қабдулқайырұлы – "Саяси қуғын-сүргін құрбандары" музейінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

Борчашвили Исидор Шамилович – заң ғылымдарының докторы, "Астана" Халықаралық университетінің Қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процестік проблемаларды зерттеу институтының директоры (келісім бойынша)

Гривенная Людмила Александрова – М.Қ. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (келісім бойынша)

Калашникова Наталья Павловна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, саясаттану ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

Кан Георгий Васильевич – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлы – "Әділет" Қазақстан тарихи-ағарту қоғамы төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты, жазушы (келісім бойынша)

Көшім Досмахамбет Қалмаханұлы – "Ұлт тағдыры" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

Қабұлдинов Зиябек Ермұханұлы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

Қамзабекұлы Дихан – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, ҚР ҰҒА академигі (келісім бойынша)

Қасымов Сабыр Ахметжанұлы – "Қаһармандар" РҚК президенті, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)

Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті "Айтылған тарих" ғылыми зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (келісім бойынша)

Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы – "Егемен Қазақстан" республикалық газетінің басқарма төрағасы, тарих ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

Нұртаев Рамазан Тұяқұлы – заң ғылымдарының докторы, Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессоры(келісім бойынша)

Озғанбаев Өмірзақ Озғанбайұлы – "Қазақстан қаһармандары" ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

Омарбеков Талас Омарбекұлы – Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу жөніндегі республикалық орталықтың директоры, тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ҚР ҰҒА құрметті академигі (келісім бойынша)

Саиров Ерлан Бияхметұлы – Еуразиялық интеграция институтының директоры, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)

Сәрпеков Рамазан Құмарбекұлы – заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының директоры

Сарым Айдос Әміроллаұлы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі, саясаттанушы (келісім бойынша)

Федоров Яков Иванович – "Nur Otan" партиясы жанындағы "Мирас" қоғамдық кеңесінің мүшесі, қоғам қайраткері, "Алаш" қозғалысы мен партиясын зерттеуші (келісім бойынша).